

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА №3

Өткізілген күні: «31» 03 2026жыл

Өткізілген орны: музыка залы

Қатысқандар: 26

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Педагогикалық этика және педагогикалық мәдениет» дөңгелек үстел.
2. Хаттар мен өтініштер қарау. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік және қызметтік емес уақытта әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша БАҚ әлеуметтік желелерді бақылау.

I. ТЫҢДАЛДЫ: «Педагогикалық этика және педагогикалық мәдениет» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында педагогтердің кәсіби қызметіндегі педагогикалық әдепті сақтау, педагогикалық мәдениетті қалыптастыру, педагогтің қоғамдағы және білім беру ұйымындағы рөлі туралы мәселелер талқыланды. Қатысушылар педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынас жасау мәдениеті педагогикалық этиканың маңызды құрамдас бөлігі екендігін атап өтті. Сонымен қатар педагогикалық әдеп нормаларын сақтау білім беру ұйымында жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал ететіні айтылды.

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша Кеңес төрағасы Калиева Жумабике дөңгелек үстел барысында педагогтің кәсіби қызметіндегі әдеп қағидаларын сақтау, педагогикалық мәдениетті қалыптастыру, ұжымдағы өзара сыйластық пен қарым-қатынас мәдениеті мәселелері талқыланды. Сонымен қатар педагогтердің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасы жөнінде пікір алмасу жүргізілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Айтмурзаева М.З. Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау педагог беделін арттырудың негізгі шарты екенін атап өтті. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастырудың маңыздылығы айтылды.

II. ТЫҢДАЛДЫ: Кеңес төрағасы келесі мәселе бойынша сөз алды. Келіп түскен хаттар мен өтініштер түспегенін айтып, алдағы уақытта келіп түскен хаттар мен өтініштердің мазмұны талданып, көтерілген мәселелер бойынша түсініктемелер берілетінін. Барлық өтініштер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралатыны атап өтілді. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік және қызметтік емес уақытта әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша БАҚ әлеуметтік желелерді бақылау нәтижелері қаралды. Мониторинг барысында қызметкерлердің бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі жарияланымдарына талдау жасалды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Кеңес мүшесі хаттар мен өтініштерді қарау кезінде объективтілік пен ашықтық қағидаларын сақтау қажеттігін айтты.

Кеңес мүшесі әлеуметтік желілерде жарияланатын материалдардың педагог мәртебесіне және ұйым беделіне әсер ететіндігін атап өтті. Қызметтік және қызметтік емес уақытта педагогикалық әдеп нормаларын сақтау қажеттігі туралы айтылды.

Шешімі:

1. «Педагогикалық этика және педагогикалық мәдениет» дөңгелек үстелінің ақпараты назарға алынсын. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар жалғастырылсын.

2. Хаттар мен өтініштер бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын. Келіп түсетін өтініштерді белгіленген тәртіпке сәйкес қарау жалғастырылсын. Қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауда ұсталсын.

3. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік және қызметтік емес уақытта әдеп нормаларын сақтау мәселесі тұрақты бақылауда ұсталсын.

БАҚ әлеуметтік желілерді бақылау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Қызметкерлер арасында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес отырысында қаралған ақпарат назарға алынсын.

Төраға:



Хатшы:

